

**Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университетінің «6D020200-Халықаралық қатынастар»
білім беру бағдарламасының PhD докторанты Устемирова Айгерим
Оразымбетовнаның «Орталық Азия мемлекеттері мен ҚХР-ның «Бір
белдеу- бір жол» жобасы аясында мәдени-гуманитарлық
ынтымақтастығының көпжақты форматы»
тақырыбына жазылған докторлық диссертациясына
ПІКІР**

PhD докторант Устемирова Айгерим Оразымбетовнаның «Орталық Азия мемлекеттері мен ҚХР-ның «Бір белдеу- бір жол» жобасы аясында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығының көпжақты форматы» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы Қытай Халық Республикасы мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың көпжақты форматын жан-жақты талдауға арналған. Диссертациялық жұмыста «Бір белдеу – бір жол» бастамасы тек инфрақұрылымдық немесе сауда-экономикалық жоба ғана емес, сонымен қатар мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға бағытталған стратегиялық платформа ретінде қарастырылады. Бұл жоба аясындағы ынтымақтастықтың көпқырлылығы зерттеу нысаны ретінде тақырыптың өзектілігін айқындайды.

А.О.Устемированың ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы өзектілігі бірқатар аймақтық және жаһандық факторлармен негізделеді. ҚХР Орталық Азия елдерімен байланыстарын нығайтуы үшін көпжақты дипломатияны тиімді құралға айналдырып отыр. Диссертант осы саладағы іргелі зерттеулердің жеткіліксіздігі, көпжақты қарым-қатынастардың нақты формаларына қатысты кешенді зерттеулердің аздығын алға тартады.

Диссертацияда автор «Бір белдеу – бір жол» бастамасы шеңберіндегі көпжақты мәдени-гуманитарлық жобаларды кешенді түрде талдай отырып, олардың Орталық Азия аймағындағы орны мен ықпалын жан-жақты ашып көрсетеді. Ғылыми жұмыста халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік құрылымдардың, жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу орталықтарының ынтымақтастығы нақты мысалдармен сарапталған. Диссертацияда докторант Қытай–Орталық Азия гуманитарлық ынтымақтастығын қалыптастыруда халықаралық ұйымдардың атқаратын рөлін айқындалып, олардың істеріне өзіндік баға берген.

Сондай-ақ, диссертант мәдени саясаттың жұмсақ күш құралы ретіндегі рөлін ғылыми тұрғыда дәлелдеп, Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық мүдделері мен аймақтық ерекшеліктерін ескерген ұсыныстар жасайды.

Зерттеу барысында докторант халықаралық қатынастар саласындағы классикалық теорияларға және soft power, public diplomacy, мәдени жаһандану сияқты заманауи тұжырымдарға концептуалдық шолу жасаған. Докторлық диссертацияның алдына қойылған мақсаты мен міндетіне сәйкес «жұмсақ күш», қоғамдық дипломатия, мәдениетаралық диалог, конструктивизм және нормативті күш, транснационализм және мәдени

гегемония теорияларына сүйене отырып, «Бір белдеу-бір жол» жобасы аясында Орталық Азия елдері мен ҚХР-ның мәдени-гуманитарлық көпжақты байланыстарының формаларын, бағыттарын және тетіктерін кешенді зерттеген.

Устемирова А. ХХІ ғасырдың мегажобасының мәдени-гуманитарлық өлшемін ашу үшін саяси, институционалдық, сценарийлік талдау, мәдениеттану тәсілдері, салыстырмалы әдістерді кеңінен қолданған. Диссертациялық жұмыста мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың әлемдік өлшемдерін, «Бір белдеу-бір жол» жобасы аясындағы мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастардың геосаяси жағдайдағы болашағын жан-жақты талдай отырып, өзіндік сценарийін құрастырған.

А.О Устемирова Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың институционалдық форматтарын саралау және дифференциациялау баса мән берген. «Бір белдеу – бір жол» аясындағы гуманитарлық өзара әрекеттесудің асимметриялық сипатын, оның ықтимал сын-қатерлері мен тәуекелдерін әлеуметтанулық сауалнама жүргізу арқылы сараланған.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың маңыздылығы өте жақсы ашылған, жұмыстың өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы толық дәйектелгендігі байқалады.

Диссертанттың дереккөздерді кең ауқымын қолдануы, дербес талдауы және ұсынылған қорытындылардың практикалық құндылығы ғылыми жұмыстың жоғары деңгейін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеу құрылымы талаптарға толық сәйкес келеді, ғылыми жаңалықтары мен практикалық ұсынымдары халықаралық қатынастар, дипломатия және мәдени саясат саласындағы мамандар үшін маңызды мәнге ие.

Автор ғылыми категориялар, концептілер, терминдер және түсініктерді пайдалануда академиялық ұқыптылық танытқан, ғылыми терминологияны жоғары деңгейде меңгеруі, өз пікірін нақты тұжырымдауы, дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қолдануы және дәлелді түрде дәйектеуі ұйымдасқан және логикалық реттелген мәтінді құрастыруы байқалады.

Докторлық диссертацияның ұтымды тұстарына Устемирова Айгерімнің шетел тілдерін жетік меңгерген ізденуші ретінде қытай және ағылшын тілдеріндегі ақпараттарды кеңінен қолдана алуын жатқызуға болады. Докторант өз зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми ортаға талқыға салып, мақала, баяндама түрлерінде жариялаған. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері бірқатар конференциялар мен ғылыми семинарларда талқыланды, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда, Скопус базасындағы журналда жарияланды.

Жалпы, диссертациялық зерттеу жұмысының шешімдері, қорытындылары мен ұсыныстары өзара тығыз байланыс пен ішкі бірлікте құрылған. Зерттеуші тандаған тақырыбын жан-жақты зерттеп, талдау арқылы мәнін ашқан. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер жұмыстың

мақсаты мен міндеттеріне бағындырылған, аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызы айтарлықтай, оның қорытындылары мен шешімдері халықаралық қатынастар, аймақтану, қытайтану саласының мамандары үшін тәжірибеде қолдануға болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «6D020200-Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламасының PhD докторанты Устемирова Айгерим Оразымбетовнаның «Орталық Азия мемлекеттері мен ҚХР-ның «Бір белдеу- бір жол» жобасы аясында мәдени-гуманитарлық ынтымақтастағының көпжақты форматы» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы PhD философия докторы дәрежесі талаптарына толық сәйкес келеді және толық аяқталған ғылыми еңбек ретінде қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми жетекші,
ҚазХҚжәнеӘТ-нің
шығыстану кафедрасының
профессоры,
саяси ғылымының кандидаты**



Байсултанова К.Ш.